



ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІС
ҚАЖЕТ

5-БЕТ | ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



АДАМДЫҚ ҚАРЫЗЫ

6-БЕТ | АБАЙ – 180 ЖЫЛ



СЫРТТАН ІШКЕН АС
СІҢІМДІ МЕ?

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Білімді еңбек пен өмірдің өзінде
шыңдап отыр! Сонда ғана білім
деп аталатын асыл тас ешқашан
тот баспастан жалтырай да
жарқырай береді.

Қаныш СӘТБАЕВ

”

№60
(4804)
Сенбі
24 мамыр
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖЕЛЕКЖОЛ УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ

Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы «Нұржол» бульварының Мәңгілік ел даңғылынан Түркістан көшесіне дейінгі аралығына орташа жөндеу жүргізілетінін хабарлады.

Жөндеу жұмыстарына байланысты 25-31 мамыр аралығында алдымен Мәңгілік ел даңғылынан Түркістан көшесіне дейін, содан кейін Түркістан көшесінен Мәңгілік ел даңғылына дейінгі учаскеде қозғалыс кезең-кезеңімен жабылатын болады. Учаскелердегі қозғалыс толығымен жабылады.

Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы және ықтимал өзгерістерді ескеруі қажет. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қолайсыздықты азайту үшін уақытша жол белгілері мен көрсеткіштер орнатылады.

**24-25
МАМЫРДА**

Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі 10:00-ден 22:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Koktal» сауда-ойынсауық орталығында өтеді. Сонымен қатар күн сайын Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23, сағат 9:00-ден 19:00-ге дейін жұмыс істейді.



СОҒЫЛДЫ СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

Елімізде 34 аптаға созылған оқу жылы аяқталды. Биылғы оқу жылында республика бойынша 3,9 млн бала, оның ішінде Астана қаласында 288 531 оқушы білім алды. Елордада 14 274 мектеп түлегі білім ошағымен қоштасып, оның 444-і «Алтын белгі» иегері атанды. Айтулы күнге орай бас қаланың орта білім беру ұйымдарында «Білімім – Отаным!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті.



«АҚБҰЛАҚ» АРНАСЫН ТАЗАРТТЫ

«Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық акциясы аясында Астананың Байқоңыр ауданында 100-ден астам студент пен «Жастар рухы» жастар қанатының өкілдері сенбілік ұйымдастырды.

Экологиялық шараға қатысушылар Пушкин көшесі бойындағы Ақбұлақ арнасының маңын қоқыстан және құрғақ шөптен тазартты.

Іс-шара аясында студенттер арасында ұйымдастырылған пластикалық бөтелке жинау байқауының

қорытындысы жарияланып, бас жүлдені Дилара Искакова жеңіп алды. Сонымен қатар, белсенділік танытқан тағы 20 қатысушыға экологиялық бастамаға қосқан үлесі үшін дәмханалар желісіне баруға арналған сертификаттар табысталды.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 572.53 \$ USD/KZT 507.07 ₸ RUB/KZT 6.37 ¥ CNY/KZT 70.37

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



АЙМАҚТЫҚ КЛИМАТ САММИТІ ӨТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жасыл климат қорының атқарушы директоры Мафальда Дуартені қабылдады. Кездесуде Қазақстан мен Жасыл климат қорының ынтымақтастығын нығайту перспективасы талқыланды. Президент еліміз қоршаған ортаны қорғауға, соның ішінде орман қорын сақтау мен көбейтуге, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануға ерекше көңіл бөлетінін атап өтті.

Қазақстан келесі жылы Аймақтық климат саммитін өткізуді жоспарлап отыр. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – өзекті мәселелердің шешімін бірлесіп іздеу, табиғат өзгерістеріне бейімделу, азық-түлік пен су қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Өз кезегінде Мафальда Дуарте

климат проблемаларын шешуге бағытталған Қазақстанның күш-жігеріне қолдау білдіріп, Ұлттық бейімделу жоспарының орындалуына жоғары баға берді. Табиғат апаттарының тәуекелдерін басқару және ерте құлақтандыру жүйелерін енгізуді қарастыратын аталған жоба

Жасыл климат қорының және БҰҰ Даму бағдарламасының қатысуымен жүзеге асырылып жатыр.

Бұдан бөлек, әңгімелесу барысында табиғатты аялау және қоғамның экологиялық мәдениетін жетілдіру маңызды екені айтылды.

БРИГАДА ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Мәжіліс депутаттары аумақтық қорғаныс бригадасының қызметімен танысты. Іс-шара «Теміржол» тұрғын алабындағы дене шынықтыру, сауықтыру кешенінің аумағында Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен өтіп жатқан әскери міндеттілердің әскери жиынымен тұспа-тұс келді. Бұл туралы Elordainfo.kz. сайты хабарлады.

Сапар барысында Парламент Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің депутаттары Максим Рожин мен Самат Нұртаза әскери міндеттілердің тұрмысы, олардың орналасқан жері және тамақтандыруды ұйымдастырумен танысты. Депутаттар оқу сыныптарына барып, жиынға шақырылған астаналықтармен әңгімелесті.

Елордалық аумақтық қорғаныс бригадасының командирі, полковник Омар Орынбаев келгендерге бригаданың қызметі және оның мүмкіндіктері жайлы айтып берді. Бөлім қонақтарына әскери нысанды

күзету бойынша тактикалық эпизод та көрсетілді. «Біз өз азаматтарымыздың Отан алдындағы борышын орындауға саналы және үлкен жауапкершілікпен қарайтынына көз жеткіздік. Бүгінде Парламентте аумақтық қорғаныс туралы заңнаманы жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Заң жобасына енгізілген нормалар армиямыздың жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілетін нығайтуға жұмыс істеуі қажет» деп атап өтті депутат М.Рожин.

Бұдан бөлек ол заңның жаңа редакциясы «өзін-өзі қорғауды қалыптастыру», «ерікті» және

«аумақтық қорғаныс объектісі» сияқты ұғымдармен толықтырылғанын атап өтті. Қазіргі уақытта заң жобасы Сенатта қаралуда. Құжат елді мекендерді, аумақтық қорғаныс объектілерін күзету және қорғау, қорғаныс құрылыстарын салу, эвакуациялық іс-шараларды жүргізу және басқа да міндеттерді орындауға еріктілерді тартуды көздейді.

Кездесу соңында депутаттар оқу үдерісін жоғары ұйымдастырғаны және елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін бригада басшылығына, нұсқаушылар мен жиынға қатысушыларға алғыс білдірді.

11 МЛРД ТЕҢГЕ ШЫҒЫН КЕЛТІРГЕН

Соңғы үш жыл ішінде Қаржылық мониторинг агенттігінің аумақтық департаменттері көлік құралдарын бастапқы тіркеу үшін алым төлеуден жалтару фактілері бойынша 88 қылмыстық істі тергеді.

1800-ден астам автокөлік заңсыз тіркелгені анықталды. Күдікті ретінде 70 адам танылды, олардың қатарында полиция басқармасының басшылары мен қызметкерлері, «Азаматтарға

арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының өкілдері және нотариустар бар. Күдіктілер мемлекетке 11,8 млрд теңге залал келтірген.

Сондай-ақ мемлекет бюд-

жетіне 900 млн теңге көлемінде алым төленді. Құны 31 млрд теңге болатын 1 500 автокөлікке және күдіктілерге тиесілі 968 млн теңгенің мүлкіне тыйым салынды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ЖАҚСАРТАДЫ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы халықаралық келісімді ратификациялады.

Отырыс барысында қаралған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы» заң екі ел арасындағы инвестицияларды өзара қорғауға бағытталған. Талқылау кезінде атап өтілгендей, Қырғызстанмен стратегиялық әріптестік Орталық Азиядағы өңірлік интеграцияны одан әрі

нығаюына ықпал етеді.

«Қаралған келісім екі ел арасындағы инвестициялық ахуалды жақсарту және өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатымен әзірленген. Құжат бір мемлекеттің инвесторларының екінші мемлекеттің аумағындағы инвестициялары үшін қолайлы жағдайлар жасауды көздейді. Жалпы, бұл заң бауырлас елдеріміз арасындағы достық

экономикалық ынтымақтастықты нығайту бойынша қолайлы режим жасау тәртібі мен шарттарын айқындайды. Атап айтқанда, бір Тараптың екінші Тараптың аумағындағы инвестицияларын жүзеге асыру, сондай-ақ екі мемлекеттің аумақтарындағы инвестициялық қызметке байланысты мәселелер реттеледі. Келісім нормаларына сәйкес кез келген Тараптың инвесторлары жүзеге асырған инвестициялар әділ



дамыту перспективаларына жол ашады. Сондай-ақ мұндай қадам халықтарымыздың арасындағы байланыстардың өсуіне және

қарым-қатынасты нығайтуға оң септігін тигізеді деп сенеміз» деді Мәулен Әшімбаев.

Заң екі ел арасындағы

және тең құқылы режимді, сондай-ақ екінші Тарап мемлекеті аумағында толық қорғалуды және қауіпсіздікті пайдаланады.

БИЫЛ ҚАНША ЖЭК ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ?

Премьер-министр Олжас Бектенов мемлекеттік органдар басшылығы, энергетика секторы компаниялары және энергетика саласындағы сарапшылардың қатысуымен жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамыту мәселелеріне арналған Энергетикалық кеңестің отырысын өткізді.

Энергетика министрлігінің мәліметінше, елімізде белгіленген қуаты 3 ГВт-тан асатын 154 ЖЭК нысаны жұмыс істейді, бұл – жел, күн, гидро және биогаз электр стансалары. 2024 жылы ЖЭК генерациясы сағатына 7,6 млрд кВт-ны құрады. 2025 жылға қуаты сағатына 450 кВт-дан астам тоғыз ЖЭК нысанын іске қосу жоспарланған. Энергетика министрінің орынбасары Сұңғат Есімхановтың айтуынша, «жасыл» энергетиканы дамыту бойынша көрсеткіштер белгіленген мақсаттардан асып түсті. Егер 2020 жылға жоспарланған бағдар электр энергиясын өндіруде жалпы көлемнің 3%-ын құраса, онда 2024 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 6,4%-ға жетті. Осылайша, «Жасыл» энергетикаға көшу тұжырымдамасында бекітілген аралық міндеттерге қол жеткізілді.

Премьер-министрге жел, күн, гидро және биогаз энергетикасын қоса алғанда, ЖЭК-тің әрбір бағытының ағымдағы жай-күйі мен даму перспективалары туралы баяндалды. Ауқымды жобаларды іске асыру үшін халықаралық стратегиялық инвестор тарту мәселесіне назар аударылды. Жалпы, 2030 жылға дейін жиынтық қуаты 2,3 ГВт болатын 93 ЖЭК жобасын пайдалануға беру жоспарлануда. 2035 жылға дейін электр энергетикасын дамыту жөніндегі іс-шаралар



жоспарында кемінде 8,4 ГВт ЖЭК енгізу көзделген. 2024-2027 жылдары 6,7 ГВт-қа аукциондық сауда-саттық өткізу бекітілді, оның 3,1 ГВт-тан астамы қазірдің өзінде бөлінген. 2025 жылдың сәуірінде алғаш рет жел генерациясының ірі жобалары бойынша аукциондық сауда-саттық өткізілді.

Қазақстанда ЖЭК секторы жоспарлы түрде дамып, мемлекет тарапынан белсенді қолдау табуда. Бүгінгі таңда ЖЭК секторын қолдау іс-шаралары аукциондық баға бойынша электр энергиясын кепілдендірілген сатып алуды, жыл сайынғы индекстеуді, желілік алымдардан босатуды және инвестициялық преференцияларды қамтиды. Бұл қолайлы инвестициялық

орта құруға, жаңа жобаларды дамытуға ықпал етеді әрі жалпы энергия теңгеріміндегі «жасыл» энергия үлесінің тұрақты өсуін қамтамасыз етеді.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр ЖЭК жобаларын қолдауды күшейтуді тапсырды. Оларды енгізу мен іске асыруға ғылыми тұрғыдан көзқарастың қажеттігі айтылды. Ашық және болжамды тарифтік саясаттың маңыздылығы, сонымен қатар жеке сектордың ЖЭК нысандарын салу мен пайдалануға неғұрлым кең қатысуы үшін жағдай жасаудың маңыздылығы атап өтілді. Сондай-ақ Олжас Бектенов инвесторлардың келуін және бастамаларды іске асыруды тежейтін әкімшілік кедергілерге жол берілмейтінін атап көрсетті.

ЖЫЛЫТУДАН ТАПШЫЛЫҚ БОЛМАЙДЫ

Алдағы уақытта елордада 7 шақырым жылу жүйесінің жолы салынып, 1,8 шақырым жылу жүйесі қайта жаңғыртылады. Бұл туралы Астана әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.



«Астананы қосымша тіршілікті қамтамасыз ету нысандарымен қамту бойынша жүйелі жұмысты әрі қарай жалғастырамыз. Бұл нысандар қалаға

жылу, су, электр энергиясы және т.б. жеткізуге мүмкіндік береді. Осыған дейін салынған жылыту көздерінің арқасында жылу беру маусымы штат-

тық режимде, тоқтаусыз және апатсыз өтті» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында. Әкім қазірдің өзінде жылу көздерін келесі жылыту маусымына дайындық жұмыстары басталғанын жеткізді. «№2 жылу-электр орталығын кеңейту жұмыстарын бастауды жоспарладық. Сондай-ақ «Тұран» газбен жылыту станциясының құрылысын толық аяқтауды көздеп отырмыз. «Тельман» газ-жылу станциясының құрылысын да жүргізіп жатырмыз. Бұдан өзге, қалада қосымша 7 шақырым жылу жүйесінің жолын саламыз, әрі 1,8 шақырым жылу трассасын қайта жаңғыртамыз» деді Ж.Қасымбек.

Қала басшысы электр қуатымен жабдықтау желілері бойынша да жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанына тоқталды. «Биыл «Арай» қосалқы электр станциясын пайдалануға беруді, жаңа 1 қосалқы станцияның (Қабанбай) құрылысын бастауды, сондай-ақ қаланың келешегі зор аудандарында 24 электр қуатын бөлетін және трансформаторлық станцияның құрылысын жалғастыруды, сонымен қатар 86 шақырым кабель желілерін (10 КВт) реконструкциялауды жоспарлап отырмыз» деп түсіндірді Ж.Қасымбек.

МҰРАҒАТ ҚОРЫ 98 ПАЙЫЗҒА ТОЛЫ

Астана қалалық мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысы өтті.

Депутаттар «Астана қаласының мемлекеттік архивін дамыту және жаңғырту: басым бағыттар мен міндеттер. Әлеуметтік-коммуникативтік кеңістіктегі мемлекеттік тілдің беделін арттыру (туризм, бос уақыт, жаңа технологиялар, әлеуметтік жарнама және т.б.)» деген тақырыппен өткен жиында саладағы өзекті мәселелерді талқылады. Бұл туралы мәслихат депутаты, Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Кендебай Адамбек мәлім етті.

«Елордада мұрағат қоры 98 пайызға толды. Басқармалардан уақытша мұрағатқа тапсыру тоқталған. Тек жойылған мекемелердің құжаттары қабылдануда. Бар 4 ғимарат қажет-

тілікті қанағаттандырмайды. Сондықтан депутаттардан Есіл өзенінің сол жағалауында жоспарланған ауданы 500 шаршы метрден кем емес ғимаратты салу мәселесін қаржылай қолдауды ұсындым. Тіл туралы заңнаманы бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке

тарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат беруді өтіндім. Отырыстың соңында қаулы қабылданды. Мәслихат депутаттары жауапты мекемелерге жүктелген тапсырмалардың орындалуын бақылауға аламыз» деп жазды депутат әлеуметтік желідегі парақшасында.



ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Кеше Астана қаласындағы Төтенше жағдай департаменті жасыл аймақ аумағында «Өрт-2025» өрт тактикалық оқу-жаттығуын өткізді. Оқу-жаттығу шартында көрсетілгендей, құрғақ және ыстық ауа райының салдарынан елорданың барлық аумағында өрт қаупі пайда болады. Яғни демалуға келген тұрғындардың сөндірмеген от ошақтарының кесірінен құрғақ шөптің жануы орын алып, өрт әрі қарай орман белдеуіне тарай бастаған.

Ержан ҚОЖАС

Шақыру орнына қаланың шұғыл қызметтері, оның ішінде төтеншеліктер және Полиция департаменттері,

Апаттар медицинасы орталығының дәрігерлері, «Астана Орманы» ЖШС, «Жасыл-Аймақ» РММ, «Зеленстрой» АҚ, «Астана Су Арнасы» МКМ жұмылдырылды. Өйткені қатты желдің сал-



дарынан 4 өрт ошағы пайда болып, жақын маңдағы үйлерге таралу қаупі туындап, өрт аумағы 5000 шаршы метрге дейін тараған.

«Өрт сөндірушілердің жедел әрі үйлесімді іс-әрекеттерінің арқасында өрт толығымен сөндірілді. Өрт орнына «Қазавиақұтқару» АҚ тікұшағы жұмылдырылып, тік өрт сөндіру жүйесінің көмегімен суды шашу арқылы өртке барлау жүргізілді. Жаттығуға барлығы 110 адам, 35 бірлік техника жұмылдырылды. Жалпы оқу-жаттығудың ең басты мақсаты – орман және

Жуырда Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының кезекті отырысында мәслихат депутаттарының, аудит объектілері өкілдерінің қатысуымен 2024 жылғы жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің мемлекеттік аудитінің қорытындылары қаралды. Бұл туралы Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері бойынша тұрақты комиссия төрағасы Кендебай Адамбек мәлім етті.

ЖҮЙЕЛІЛІК ЖОҚ, КЕМШІЛІК КӨП

«Жүргізілген аудитпен қамтылған жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігі (бұдан әрі – ЖБ ШҚЕ) және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің (бұдан әрі - ББӘ) есебі заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес қаржылық жағдайды, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін және ақша қаражатының барлық маңызды қозғалысының қатынастарын анық көрсетті. Алайда алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде ЖБ ШҚЕ аудитінің нәтижелері бойынша ескертпемен пікір білдірілді, өйткені анықталған бұрмалаулардың қаржылық есептілікке әсері тұтастай алғанда қаржылық есептілік үшін маңызды, бірақ жан-жақты емес деген қорытынды жасалды. Аудит нәтижелері бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін Астана қаласы бойынша Ішкі аудит департаментіне бухгалтерлік есепті жүргізуден жалтарудың және бұрмаланған қаржылық есептілікті жасаудың 30 фактісі бойынша материалдар жіберілді. Анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды, оларға ықпал

ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша тиісті ұсынымдар мен тапсырмалар әзірленді» деп жазды К.Адамбек.

Ол тұрақты комиссия төрағасы ретінде мүдделі үйлестіруші басқарма, яғни қаржы басқармасынан, басқа бюджеттік бағдарламалар әкімшіліктері тарапынан бастамашылдық пен жүйелілік жетіспейтіндігін қаперлеріне салғанын атап өтті. «Бытырғы аудит және биылғы тексеру бойынша 10 негізгі кемшіліктің сәйкестігін, осының себептері және шешу жолдарын сұрадым. Ішкі аудит департаментіне жіберілген 30 құжаттар бойынша қабылданған шешімдерді талдап, сараптап, жалпылама құжат дайындап, мүдделі басқармаларға жіберу керектігін ескерттім. Әр салынған айыппұлды төтенше жағдай ретінде қарау керектігін ұсындым» деп толықтырды депутат.

Мәслихат депутаттары аталған аудиттен туындаған маңызды мәселелерді маусым айының басында жоспарланған сессияда Астана әкімдігінің 2024 жылғы қаржылық есебімен қоса қарайды.

ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ТҮСІНДІРДІ

Астана қаласы Полиция департаментінің патрульдік полициясының мамандандырылған батальон қызметкерлері 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай және «Жасөспірім» жедел алдын алу іс-шарасы аясында балалар арасында жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған профилактикалық жұмыс жүргізді.

Elordainfo.kz. хабарлағандай, іс-шара барысында тәртіп сақшылары балаларға көшеде және жаяу жүргіншілер өткелінде жүру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігін түсіндіріп, жолда өзін қалай ұстау керектігі жөнінде пайдалы кеңестер берді. Сонымен қатар жасөспірімдерге арнап жол қозғалысы ережелері көрнекі түрде бейнеленген арнайы ақпараттық

буклеттер таратылды.

Аталған іс-шараның басты мақсаты – балалардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және жаз мезгілінде жиі кездесетін жол-көлік оқиғаларының алдын алу. Полиция қызметкерлері ата-аналарды балаларын жолда дұрыс жүріп-тұруға баулуға, сондай-ақ өздері де үлгі болуға шақырады.



СОҒЫЛДЫ СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖЕМІСТІ

Мерекелік жиынның бірі елорданың №104 орта мектебінде ұйымдастырылып, оған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев қатысты. Іс-шарада сөз алған министр 2024-2025 оқу жылының қорытындыларымен бөлісті.

– Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде бір жыл ішінде рекордтық көрсеткіште 257 жаңа мектеп ашылды. Олардың қатарында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған алғашқы заманауи білім ордалары да бар. Оқушыларымыз халықаралық білім додаларында 362 медаль иеленіп, оның 41-і алтын медаль болды. Астаналық 10-сынып оқушысы Нұргүл Егенбергенова Азия физика олимпиадасының ең үздік оқушылары жетістіктерімен тәнті етті. Барлық жетістік – отандық білім беру жүйесіндегі жүйелі реформалар мен қажырлы еңбектің жемісі. Әсіресе академиялық біліммен қатар, шәкірттерге ұлттық құндылықтарды

ЕЛОРДАДА 14 274 МЕКТЕП ТҮЛЕГІ БІЛІМ ОШАҒЫМЕН ҚОШТАСЫП, ОНЫҢ 444-І «АЛТЫН БЕЛГІ» ИЕГЕРІ АТАНДЫ. 9-СЫНЫПТЫ 24 479 ОҚУШЫ АЯҚТАДЫ. СОНДАЙ-АҚ МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНІҢ 1087-СІ – ҮЗДІК АТТЕСТАТҚА ҮМІТКЕР

бойында еліміздің болашағына үлес қосатын әлеует бар. Мектеп түлектері ата-аналар мен ұстаздардың сенімін ақтап, ел үмітін арқалайтын азаматтар боларына сенемін» деді қалалық басқарма басшысы Қ.Сенғазыұлы.

2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша елордадағы 32 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымын (оның ішінде 9 – мемлекеттік, 23 – жекеменшік) 11 646 түлек тәмамдады. Оның 6 814-і – мемлекеттік тапсырыс негізінде, 4 832-сі ақылы негізде білім алған.

де оқуға ұсынылатын кітаптар тізімі беріліп, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, демалысты алдын ала жоспарлау, қосымша білім беру ұйымдарына қатысудың маңызы мен еңбек дағдыларын қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Енді оқушылар 3 айғы демалыстарын қалай тиімді өткізбек? Жыл сайын жаз қызығын төл мерекелерімен бастайтын өрендер үшін биылғы лагерлердің жұмысы 2 маусымнан басталғалы отыр. Жазғы каникулда бала келер оқу жылына күш жинайды. Бұл уақытты да баланың тиімді пайдалануын ескеріп, жазғы демалысты олардың танымы мен дене тәрбиесіне оң әсерін тигізетіндей қылып ұйымдастыру қажет. Бұған жазғы демалыс лагерлерінің әсері мол. Сонымен, елордалық өрендер үшін биылғы демалыс қандай болмақ?

Жазғы демалыс кезеңінде Астана қаласы бойынша 1-10 сынып аралығындағы 210 мыңнан астам оқушыны, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал санатындағы 11 мыңнан астам баланы қамту жоспарланған. Білім беру ұйымдарының жанынан бірнеше лагерлер ашылады. Олардың қатарындағы 92 мектеп жанындағы лагерьге 55 200 оқушы, 192 бейінді лагерьге – 11 520 оқушы, 10 тақырыптық жобаға 142 298 оқушы және 1 қала сыртындағы лагерьге 1 400 бала бармақ. Қала сыртындағы сауықтыру лагерьлеріне жергілікті бюджеттен қаражат бөлініп, 4 мыңнан астам бала жіберіледі.

Жаздың алғашқы күні мен халықаралық Балаларды қорғау күніне орай Ақмола облысы Ақкөл ауданында орналасқан «Барап» балалар спорттық-сауықтыру орталығы ресми түрде ашылады. Бұл орталық бір ауысымда 200 балаға, жазғы маусымда жалпы 1 400 балаға тиімді демалыс ұйымдастыруды көздеп отыр.

Сонымен қатар, елордадағы 13 қосымша білім беру ұйымының базасында тақырыптық күндізгі лагерлер мен қолданбалы өнер, шет тілдері және жүзу бағыттары бойынша қысқа мерзімді үйірмелер жұмыс істейтін болады.

Балалардың демалыс кезеңіндегі қауіпсіздігі – басты назарда. Осыған орай білім беру ұйымдарының басшыларымен бірлесіп, Полиция, Төтенше жағдайлар департаменті, Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және Қоғамдық денсаулық сақтау басқармалары өкілдерінің қатысуымен нұсқамалар, семинарлар және түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әрбір ұйымға қауіпсіздік техникасы туралы жадынамалар таратылды.

Бетті дайындаған
Индира БЕРЖАНОВА

ЖҰМЫС БЕРУШІ ҚОЛДАУЫ МАҢЫЗДЫ

Елордада Қазтұтынуодағы жоғары колледжінде «Жұмыс беруші күні» іс-шарасы өтіп, оқу орнының әлеуметтік серіктестері мен аймақтық бизнес қауымдастықтың жетекші мамандарымен кездесу ұйымдастырылды.

Жиында жұмысшы мамандықтарын әзірлеу мәселесі сөз болып, жұмыс берушілермен байланысты нығайту бағытындағы бастамалар көтерілді. Аталмыш колледж 70 жылдық тарихында 30 мыңға жуық мамандық бойынша мамандарды даярлайды. Олардың қатарында маркетинг, есеп және аудит, IT шешімдер, тамақтануды ұйымдастыру және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандықтары бар.

компанияға не мейрамханаға жұмысқа орналасатын болса, енді осы жас маман әрі қарай өз кәсібін ашып, оны дөңгелетуі үшін бухгалтерлік есеп-қисапты, салықты дұрыс төлеуді де меңгеруі қажет. Студент колледж қабырғасында осы дағдыны үйренеді.

Сонымен қатар жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша мақсатты түрде дайындау жүзеге асып отыр. Бұл да – шәкірттерге берілген бірегей мүмкіндік. Талапкер емтихансыз негізде



Іс-шараға елордалық Білім басқармасы техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Ақмарал Хон қатысып, кадрларды оқыту ісіне жұмыс берушілердің қатысуы маңызды екеніне тоқталды.

«Ел экономикасы қуатты болу үшін оның кадрлары білікті болуы керек. Біздің де басты мақсатымыз – қазіргі нарықтың талабына сай жауап беретін жұмысшы мамандарын дайындау. Бүгінгі таңда білікті кадрлар даярлау тек білім беру мекемесінің міндеті емес. Колледждерге академиялық дербестік беруге байланысты ол талаптар өзгерді. Бұл білім ордасы – жұмыс беруші – студентпен бірлесе атқарылар үлкен жұмыс. Еңбек нарығына кадрларды жұмыс берушісіз шығару мүмкін емес. Сондықтан соңғы жылдары дуалды оқытуды қолға алдық. Студенттер теориялық білімді колледж қабырғасында алса, практикалық білімді жұмыс берушілерден ала алады. Мәселен, аспаз-кондитер мамандығы бойынша колледжді бітірген маман

өзі таңдаған мамандық бойынша оқуға түсе алады» деді өз сөзінде Қазтұтынуодағы жоғары колледжнің директоры Мырзабек Күжімов.

Оқу орны қабырғасында сондай-ақ қалалық Worldskills чемпионаты 3 құзыреттілік бойынша өтуде. Солардың қатарындағы IT-шешімдер құзыреттілігіне қажет материалдық база жұмыс берушілердің демеушілігі есебінде алынды. Осы секілді өзге де әлеуметтік серіктестері кіретін Қамқорлық қоры 7 жыл көлемінде қолдау білдіріп келеді. Мәселен, тамақтандыруды ұйымдастыру мамандығына қажетті барлық құрал-жабдықты серіктестер қамтамасыз етіп, білікті маман даярлау ісіне атсалысуда.

Іс-шарада «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының астаналық филиалы өкілдері, колледждің Индустриялық кеңесі мүшелері мен бизнес қауымдастықтың жетекші мамандары колледжбен байланыста әрі қарай жетілдіру керек бағыттарды талқылады.

КӘСІПТІК БІЛІМ ҢНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Астана қаласындағы Техникалық колледж қабырғасында «Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім: стандарттардан инновацияларға қарай» атты дөңгелек үстел өтті. Жиын Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ұйымдастырылып, техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы тың бастамалар мен өзекті мәселелерді көтеруге арналды.

Іс-шараға Қазақстан мен Беларусь елдерінің колледж директорлары, білім беру саласының сарапшылары мен мамандары қатысты. Олар қазіргі заман талабына сай кәсіби кадрларды даярлаудағы тәжірибелерімен бөлісіп, халықаралық әріптестікті нығайтудың жолдарын талқылады.

– Биыл Техникалық колледждің ашылғанына 85 жыл толып отыр. Бұл колледж уақыт көшінен қалмай, заманауи талаптарға сай дамып келеді. Қазірде өндірістің бірқатар салаларына қажет лифт және эскалатор электр механигі, кең бейінді станокшы, электр газбен дәнекерлеуші, электр монтері, локомотив машинисінің көмекшісі мамандықтарында студенттерді оқытады. Нарықта сұраныс бар мамандықтардың



болуына байланысты жыл сайын мемлекеттік білім беру тапсырысы ұлғайтылып келеді, – деді жиынға қатысқан Астана қаласы Білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Ақмарал Хон.

Дөңгелек үстелдің негізгі тақырыптары техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру,

дуалды оқыту моделін дамыту, WorldSkills чемпионаты стандарттарын оқу процесіне енгізу сынды бағыттарды қамтыды. Жиын соңында елордалық Техникалық колледжі мен Минск мемлекеттік техника және құрылыс технологиялары колледжі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

«Дерт» меңдемей тұрып, дер кезінде оны жою жолында ауқымды жұмыс атқаратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс – «ЖАҢАРУ» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мэлс СЕМҒАЛИЕВІЕН осы бағытта сұхбаттасқан едік.

– Бұл өзекті мәселемен 12 жылдан бері айналысатын бірлестіктің басшысы ретінде Қазақстандағы жемқорлық деңгейі қазір қандай деңгейде деп санайсыз?

– Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейі белгілі бір дәрежеде төмендегенмен, бұл салада жүйелік мәселелер әлі де өзекті. Transparency International ұсынған зерттеу нәтижелеріне сәйкес, 2024 жылғы Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (CPI) еліміз аздаған ілгерілеуге қол жеткізді. Қазақстан 180 елдің ішінде 88-орынға тұрақтады. Индекс көрсеткіші 100 балдық шкала бойынша 40 балды құрады. Бұл көрсеткіш мемлекеттік басқарудағы ашықтықтың біршама артқанын көрсеткенмен, сыбайлас жемқорлықпен күресте түбегейлі өзгерістер қажет екенін айғақтайды. CPI рейтингіндегі бұл сәл жақсарған нәтиже елде жүзеге асырылған цифрландыру, ашықтықты арттыру және бірқатар реформаның нәтижесі ретінде қарастырылуы мүмкін. Жемқорлықпен тиімді күрес жүргізу үшін мынадай бағыттарға баса назар аудару қажет: сот билігінің шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық бақылау тетігін күшейту, журналистер мен азаматтық белсенділердің еркін жұмыс істеуіне жағдай жасау және тағы басқа. Бұл ұсыныстар елімізде сыбайлас жемқорлықпен күрестің нәтижелі болуына және қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға ықпал ете алады деп сенеміз.

– Қай салаларда жемқорлық жиі көрініс табады?

– Бүгінгі таңда Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың жиі кездесетін салаларының қатарында бірнеше бағыт ерекше көзге түседі.

Ең алдымен, мемлекеттік сатып алулар жүйесінде бюджеттің тиімді жұмсалмауы және келісімшарттар рәсіміндегі ашықтықтың төмендігі – саладағы ең өзекті мәселелердің бірі. Жариялылықтың жетіспеуі мен бақылаудың әлсіздігі қаржыны мақсатсыз пайдалануға әкеп соғады.

Сондай-ақ құқық қорғау органдары – полиция мен сот жүйесінде парақорлық фактілері әлі де кездесіп отыр. Бұл азаматтардың құқық қорғау институттарына деген сенімін төмендетіп, әділеттілік принциптеріне нұқсан келтіреді.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласында жемқорлық белгілері әлі де байқалады. Әсіресе рұқсат құжаттары мен лицензиялар беру кезінде артық бюрократия мен негізсіз кідірістер азаматтардың пара беруге мәжбүр болуына себеп болады. Бұл салаларда орын алып жатқан мәселелер мемлекеттік басқару жүйесінде түбегейлі реформалар жүргізу, ашықтықты арттыру және қоғамдық бақылау тетігін күшейту қажет деп айқын көрсетсе керек.

– Қай өңірлерде жемқорлық жиі белең алады? Оған не себеп?

– Ірі қалаларда, ресурсқа бай өңірлерде және бюджеттен көп қаржы бөлінетін аймақтарда жиі кездеседі. Себебі қаржы ағымдарының молдығы, мемлекеттік қызметшілердің ықпалы, дәстүр жағынан менталитет (ықылас, алу). Кей кезде биліктегі азаматтар қоғаммен бірігіп жұмыс істеуден бас тартады.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІС ҚАЖЕТ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – әр мемлекеттің тұрақты дамуына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Қоғамның түрлі саласына жегі құрттай дендеп еніп, мемлекеттің алға басқан қадамына тұсау салатын кеселдің емі – алдын алу. Ол үшін халықтың, соның ішінде жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа деген мүлдем төзбеу көзқарасын қалыптастыру керек.

– Астанада ахуал қалай?

– 2024 жылы Астана қаласы бойынша Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы департамент 93 сыбайлас жемқорлық істі тіркеді. Оның ішінде парақорлық – 63, теріс пайдалану – 17, ұрлық – 10, басқалары – 3. Салалар бөлінісінде ең көбі білім беру бойынша 17 адам және денсаулық сақтауда 4 адамның ісі әшкереленді. Сыбайлас жемқорлық фактілері ауыл шаруашылығы, құрылыс, энергетика, жолдар, экология, еңбек қатынастары және салық саласында да анықталды. Биыл 4 айда 35 сыбайлас жемқорлық қылмыс тіркелді. Оның ішінде парақорлық – 24, теріс пайдалану – 6, ұрлық – 4, басқалары – 1. Ең көп сыбайлас жемқорлық фактілері білім беру саласында – 12 адам, салық саласында – 4 адам және ауыл шаруашылығы саласында 1 адам анықталды. Көлеңкелі экономика субъектілерінде лауазымды тұлғалардың жүйелі сыбайлас жемқорлық пен қамқорлықтың 2 фактісі бойынша жолы кесілді.

– Әлем елдері бұл індетпен қалай күреседі?

– CPI (Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі) көрсеткішіне сәйкес, Қазақстан Орталық Азия елдерімен салыстырғанда алда тұр: мысалы, Түрікменстан – 165, Тәжікстан – 164, Қырғызстан – 146, ал Өзбекстан 121-орында орналасқан. Қазақстан 88-орынға ие болып, 100 балдық шкала бойынша 40 балл жинағанмен, әлемдегі жемқорлық деңгейі төмен елдермен салыстырғанда әлі де резерв көп. Жемқорлық деңгейі ең төмен мемлекеттер қатарында Дания (90 балл), Финляндия (88 балл) және Сингапур (83 балл) көш бастап

тұр. Бұл елдерде демократиялық институттар орнықты, заңның үстемдігі мызғымас қағидаға айналған және қоғамдық бақылау жүйелері жоғары деңгейде жұмыс істейді. Сонымен қатар бұл мемлекеттерде ақпаратқа қолжетімділік, баспасөз бостандығы мен азаматтық қоғамның белсенділігі жемқорлықтың алдын алуда шешуші рөл атқарады.

Қазақстан үшін осы елдердің тәжірибесінен алуға болатын бірқатар маңызды құрал бар. Атап айтқанда:

- заң үстемдігін нығайту және сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету;
- мемлекеттік басқару мен бюджеттің ашықтығын арттыру;
- қоғамдық бақылау тетігін күшейту;
- журналистер мен белсенділердің қауіпсіз әрі еркін жұмыс істеуіне жағдай жасау;
- сандық технологияларды пайдалану арқылы мемлекеттік қызмет көрсету процесін автоматтандыру, ЖИ енгізу.

Осы бағыттарда нақты әрі табанды реформалар жүргізу Қазақстанға сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетіп, сенімді институттар құруға жол ашады.

– Қоғам дертімен күресте нақты қандай бағдарламалар мен жобалар, ұйымдар жұмыс жүзеге асырылуда?

– Сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең маңызды бағыты – оның алдын алу. Шынымен де, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік қызметкерлер тарапынан орын алған жағдайда, бұл тек мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамдағы билік пен өкіметке деген сенімсіздікті арттырады. Мұндай жағдай еліміздің экономикалық өсімі мен әлеу-

меттік тұрақтылығына ауыр соққы береді. Қазақстанда осы күресті тиімді жүргізу үшін бірнеше бағыт пен бағдарлама іске асырылуда. Біріншіден, қоғамдық ұйымдар мемлекеттік органдардың әрекетін мұқият қадағалап, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізеді. Сонымен қатар түрлі саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері талданып, оларды төмендету бойынша нақты ұсынымдар әзірленеді.

ЖАРИЯЛЫЛЫҚТЫҢ ЖЕТІСПЕУІ МЕН БАҚЫЛАУДЫҢ ӘЛСІЗДІГІ ҚАРЖЫНЫ МАҚСАТСЫЗ ПАЙДАЛАНУҒА ӘКЕП СОҒАДЫ. СОНДАЙ-АҚ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ – ПОЛИЦИЯ МЕН СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ ПАРАҚОРЛЫҚ ФАКТІЛЕРІ ӘЛІ ДЕ КЕЗДЕСІП ОТЫР. БҰЛ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ИНСТИТУТТАРЫНА ДЕГЕН СЕНІМІН ТӨМЕНДЕТІП, ӘДІЛЕТТІЛІК ПРИНЦИПТЕРІНЕ НҰҚСАН КЕЛТІРЕДІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ерекше мән беріледі. Халыққа парақорлықтың теріс салдары мен қоғамдағы адалдықтың маңызы жайлы ақпарат беріліп, білім беру жүйесіне «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәні енгізілді. Қазақстандағы бірқатар жоғары оқу орны «Академиялық адалдық лигасына» қосылып, білім беру сапасын арттыруға үлес қосуда.

Сонымен бірге сыбайлас жемқорлық фактісі туралы

хабарлаған және жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көмектескен азаматтарды ынталандыру жүйесі бар. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы және қоғамдық бақылау туралы заңдар қабылданып, ол қоғамдық ұйымдардың рөлін заңды түрде бекітіп отыр. Бұл қоғам мен мемлекет арасындағы өзара әрекетті күшейтіп, жемқорлықпен күрестің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді.

– Жемқорлықпен жылына қанша адам ұсталады?

– Сыбайлас жемқорлықпен күрес жыл өткен сайын жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл бағыттағы нақты нәтижелердің бірі – жыл сайын әшкереленетін құқық бұзушылықтар саны мен жауапкершілікке тартылған адамдардың көрсеткіші. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің мәліметінше, өткен 3-4 жылда жылына 1500-1700-ге жуық сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелген. Былтыр сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін мыңға жуық адам сотталды, олардың арасында 6-уы – судья, 4-еуі – әкім, Қорғаныс министрлігі және ішкі істер органдарының қызметкерлері, әкімдіктердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері, Ауыл шаруашылығы, Қаржы, Көлік және Денсаулық сақтау министрліктерінің қызметкерлері. Бұл деректер сыбайлас жемқорлықтың елімізде әлі де маңызды мәселе екенін көрсетсе, бір жағынан, мемлекеттің ашықтықты арттыру және заң үстемдігін қамтамасыз ету жолындағы нақты әрекеттерінің нәтижесін байқатады. Сонымен қатар бұл статистика сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін тек жазалау ғана емес, алдын алу шараларын күшейту қажеттігін де аңғартады. Елімізде АЕК-ден екі есе асатын кез келген сома, яғни (7864 теңге), егер «себеп-салдар байланысы бар болса», пара болып есептеледі.

– Қазақстандағы ең ірі жемқорлық оқиғалары

қандай? Олар бойынша кінәлілер толық жазалана ма?

– Ең ірі жемқорлық істердің бірқатары соңғы жылдары мемлекетке келтірілген ауқымды материалдық шығынмен және елдің жоғары лауазымды тұлғаларының қатысуымен ерекшеленді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мемлекетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жалпы сомасы 1,12 трлн теңге сомасында мүліктік активтер мен ақша қаражатын қайтарды, оның 321,6 млрд теңгесі тікелей бюджетке ақшамен өтелді.

Жетісу облысындағы Білім басқармасының қызметкерлері миллиардтаған соманы иемденіп кеткен оқиға берімізді таңғалдырды. Аталған істер – Қазақстанда жүргізіліп жатқан ірі көлемдегі сыбайлас жемқорлықпен күрестің нақты нәтижесі. Дегенмен бұл тек бастамасы ғана. Кінәлі тұлғаларға қатысты үкім шығарылып, мүліктік активтер тәркіленгенмен, сарапшылар жүйелік деңгейде ашықтықты арттыру, жауапкершілікті күшейту және қайталанудың алдын алу үшін бұдан да кең ауқымды реформалардың қажет екенін алға тартады.

– Жемқорлыққа күдікті, әдетте, қалай анықталады?

– Сыбайлас жемқорлыққа күдіктілерді анықтау – кешенді және көпқырлы процесс. Ол түрлі тәсіл арқылы жүзеге асады: арнайы аудит пен мониторинг жүргізіледі, азаматтар, блогерлер, журналистер және ақпарат берушілерден келіп түскен хабарламаларға сүйенеді. Бұл үдерістің мақсаты – тек заң бұзушылықты анықтап қана қоймай, оның алдын алу және жүйелік бұзушылықтарды жою. Бір нәрсе анық: белсенді азаматтардың, журналистер бірлестіктері мен мемлекеттің күш-жігерін бір қуатты да ымырасыз қозғалысқа біріктірсек, сыбайлас жемқорлықты азайтып қана қоймай, әлеуметтік құбылыс ретінде жоюға болады. Азаматтық қоғамның бастамасы, мемлекеттік аппараттың мүмкіндігі, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеу ахуалын қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құрамдас бөлігі, ол оң нәтиже беруі тиіс.

– Бірлестіктің жемқорлықпен күрестегі басты бағыттары қандай?

– Біздің бірлестіктің сыбайлас жемқорлықпен күрестегі басты бағыттары – еліміздегі ашықтық пен әділдік қағидаттарын нығайтуға бағытталған жүйелі әрі кешенді жұмысты жүргізу. Біз Мемлекет басшысының коррупцияға қарсы бастамаларын толықтай қолдап, күрделі мәселеде қалың бұқараны құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың жұмысына қолдау көрсетуге жұмылдыруды көздейді. Ұйымның қызметі тек құқық бұзушылық фактілерін әшкерелеумен шектелмей, сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын себептер мен жағдайларды терең талдауға, олардың алдын алуға бағытталған ұсыныстар әзірлеуге негізделген. Сонымен қатар мемлекеттік және өзге де ұйымдарда қызмет бабын теріс пайдалануға жол берген лауазымды тұлғалардың әрекетін анықтауға атсалысады. Бірлестік үшін қоғамның сыбайлас жемқорлыққа деген мүлдем төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру – басты міндеттердің бірі. Осы мақсатта біз жұмысымызда жастарға ерекше көңіл бөлеміз. Бұл зұлымдыққа қарсы тұру мақсатын көздеп, бар жинақталған тәжірибемізді, білімімізді, азаматтық ұстанымымызды жұмсап, мен және менің әріптестерім «ЖАҢАРУ» қозғалысына біріктік.

Соңғы жылдары қыс маусымын Семейде өткізу Абайдың әдетіне айналып еді. Қалада тоқтайтын үйі – Әнияр Молдабаевтың екі қабатты, еңселі баспанасы. Осының жоғарыдағы кең бөлмесі дәйім ақынның келген кезіне дайын тұрады. Жерлес азаматтың үй сатып алуына өзі бас болып, ұлдары қостап, ақшалай жәрдемдескендері жұртқа мәлім.

Күндізгі уақыты көбінесе кітапханада өтеді. Тек кешкісін жақын-жуықпен үйде кездесіп, аз ғана мәжілістес болады. Бұдан соң, басы қашан жастыққа тигенінше оқыған-тоқығанынан ой қорытып, қаламы қолынан түспейді. Осыны білетіндер ел ағасына көбінесе кешкі шайдан кейін жолығысады. Шұғыл шаруасы барлар ғана кітапханаға іздеп барады.

Әкесі Құнанбай бозбала жастан елдің қызметіне «жегіп», билігіне жүгінген жұрттың оған разы екеніне семейліктер біршама қанық. Орыс зиялысы Михаэлиспен кездейсоқ таныстық та «білемке құмар, үйренуге тоймайтын» қасиетінің арқасы еді. Евгений Петровичке де өзінен 6-7 жас қалыс азаматтың алғыр мінез-құлқы, адамға сергек көзқарасы жағымды.

Ол ұсақ-түйек, еспе сөзден аулақ, әдебиет пен мәдениет, білім мен ғылым жайына қызығатын ақынға іш тартып тұрады. Өзара емен-жарқын әңгімеден бойынның сергіп қалатынын байқайды. Семейде болған кезінде, оның кітапханаға күн аралатпай келетінін де біледі. Михаэлис орыс пен Еуропа әдебиетінің жаңа шығармаларын үзбей оқып, қадағалап отырады.


Сондықтан зиялы қауым бас қосқан ортада ақын-жазушылардың тың туындылары туралы айтуға бейіл. Бірақ сөзіне ықылас қоятын тыңдаушысы азырақ. Әйтеуір, осы бір қазақ азаматы жаңағы оқылғықтың орнын толтыра түскендей еді. Ақынның қалада болғанында, оны ұзағырақ көрмей қалса, іздеп тұратын әдет табады.

Әсіресе, Пушкин мен Лермонтовтың поэзиясы жайында сөз қозғалғанда Абайдың жүзі жадырап сала береді. Соған орай ұнатқан ақындарының шығармаларын да тап-тәуір біледі. Орыс досы, поэзияға деген ықыласын байқаған соң, оны Некрасов пен Крылов, Белинский мен Гоголь және басқаларымен «таныстыруға» ынта қояды.

Қазақ ақынымен әдебиет туралы әңгіменің ара-арасында тұрғылықты ол қарапайым халықтың тіршілігін жақынырақ біле түсуге құмар. Өз тұсынан орыс шаруасы мен жұмысшысының ауыр тұрмысын тілге тиек етеді. Михаэлис, тіпті, қазақ пен орыстың бай-бағыланы мен жарлы-жақыбайының хал-жайы туралы айтқанында шешен болып кететіндей.

Алайда екеуі саясат жайлы әңгімені, өзара келісіп алғандай, көпке созбайды. Біріне-бірінің зияны тиіп кетуінен сақтанады. Әділет пен шындыққа жету түгілі, бұл туралы сөз қозғаудың зардабын саяси көзқарасы үшін жер аударылған орыс досы бір кісідей-ақ біледі. Надандықтың кесепаты, болыс пен бидің өктемдігі туралы сөзге де танданбайды.

Сондықтан жандарына бататын мәселеден бой тартып, әдебиет пен мәдениет жайында кең отырып, ой бөліседі. Абайдың, әсіресе Шығыс әдебиетінің Фирдоуси, Науаи, Физули секілді атақты шайырлары туралы әңгімесі құлағының «құрышын» қандырады. Оның жақсы өлең



АДАМДЫҚ ҚАРЫЗЫ

Жақында Хакімнің қолына испан жазушысы Мигель де Сервантес-тің «Дон Кихот» романы түскен. Қарап отырса, әділеттілік талабы барша адамзаттың зиялысын толғандыратын көрінеді.

жазуға деген арманына, оқу мен білімқұмар мінезіне қайран қалады.

Ал ақынның Михаэлиспен достықтан тапқан тағы бір олжасы дәрігер Нифонт Долгополов, заңгер Северин Гросс, суретші Павел Лобановскиймен танысуы болатын. Бәрі де үкіметке қарсы саяси көзқарасы үшін жер аударылған азаматтар. Олардың, әсіресе қандастарына маман ретіндегі көмегі үшін риза, әңгімелері де жағымды.

**ҰЛЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ БАЙ МҰРАСЫ
ТУРАЛЫ СӨЗ БОЛА ҚАЛСА, АҚЫН
ДОСТАРЫНЫҢ ЖҮЗІНЕН СОЛ КҮНГЕ
ЖЕТУДІ АҢСАҒАН АРМАНДЫ, ҚОҒАМ-
ДЫ АЛҒА ТАРТАТЫН САНА ҚУАТЫН
АҢҒАРАДЫ. ОЙ-ТОЛҒАНЫСЫН «ӨЗІН
ҮШІН ЕҢБЕК ҚЫЛСАН, ӨЗІ ҮШІН ОТ-
ТАҒАН ХАЙУАННЫҢ БІРІ БОЛАСЫҢ;
АДАМДЫҚТЫҢ ҚАРЫЗЫ ҮШІН ЕҢБЕК
ҚЫЛСАН, АЛЛАНЫҢ СҮЙГЕН ҚҰЛЫ-
НЫҢ БІРІ БОЛАСЫҢ» ДЕП ЖАДЫНА
ТҮЙЕДІ**

Жаңа достарының адамның ұлтына, әлеуметтік жағдайына қарамастан замандасқа деген адамгершілік көзқарастарына Абай тәнті болады. Жеке бастарының пайдасы үшін ел ағасы дейтін кейбіреудің ру-руға бөлініп, бір «уыс» қазақты қырқыстырып қоятыны жанына батады. Бұған Алланы және адамды сүйген әділетті жан қалайша шыдамақ?!

Барша замандасты бауыр тұту ақынды ойлантип, мұның адамдық қарызы екенін көңілге токиды. Оның үстіне зиялы органды әдебиет пен мәдениетке, қазағының салт-дәстүріне деген қызығушылығы жанын жадыратады. Олардың халыққа қызметі мен айтқан әңгімесінен қандастарына пайдалысын ұстап қалып, ел игілігіне асыруға тырысады.

Сөйтіп, Семейде ашылған Бастауыш білім жөніндегі қамқоршылық кеңесіне, өзімен қатар ұлдары Ақылбай мен Мағауия да мүше болады. Өлкетану музейіне тапсырған халқының тұрмыстық заттары кейін ақынның музейін байыта

түскені белгілі. Абай секілді білімпазбен сыйластықтың бағасын орыс достары да біледі.

Ақыннан Михаэлистің жасы үлкен екенін жаңа айттық, ал қалған үшеуінің бір мүшел кішілігі бар. Өзі жазған Қарамола ережесінің көшірмесін қолына тигізгені үшін заңгер Гросс ризашылықпен құрақ көзқарасы үшін жер аударылған азаматтар. Олардың, әсіресе қандастарына маман ретіндегі көмегі үшін риза, әңгімелері де жағымды.

би айтпақшы, «адам өмірге бақытты болу үшін келеді» екен. Демек, зиялы азаматтың адам бақытына қамқор болып, қажыр-қайрат танытуы адамдық қарызы екені кәміл.

Ұлы тұлғалардың бай мұрасы туралы сөз бола қалса, ақын достарының жүзінен сол күнге жетуді аңсаған арманды, қоғамды алға тартатын сана қуатын аңғарады. Ой-толғанысын «өзі үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» деп жадына түйеді.

Олай болса «қазақтың бірінің-біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының... рас сөзі аз болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не?..» деген сан сауал санасын «тергейді». Оның жауабын да көп ұзатпай табады: «мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтемінен басқа ойының жоқтығынан...» көрінеді.

Себебі «...өзге егін, сауда, өнер, ғылым – солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді... Дүниенің көрінген хәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орын толмайды». Халықтың арманының дәлеліндей қиялғажайып ертегілер, тіпті бір ғана «ұшатын кілемді» ойлап табудың өзі еркін сананың арқасы екен-ау!

Жаңа достарының әңгімесінен де азат ақыл мен сана қуатын, адам мүддесін көздеген арманды көріп, шын жүректен сүйінеді. Сосын «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді-біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз» деп іштей күйінеді.

Осыны көріп, біле тұра қалайша үнсіз қалмақ?! Адам бақытын жырға қосып, оған кедергі келтіретін надандық, талапсыздық, іштарлық пен қызғаншақтық, жалқаулық пен алауыздыққа аяусыз «сойыл» соғады: «...қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан тузу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма?..».

ДОН КИХОТТЫ ЕНДІ ҚАНША КҮТЕМІЗ?

Жақында Михаэлистен естіген әңгімеден шындық пен әділеттің, мейірім мен қатыгездіктің бүкіл адам баласын толғандыратын мәселелер екеніне көзі жете түседі. Ол испанның Мигель де Сервантес деген жазушысының Дон Кихот туралы шығармасы еді. Ламанчтық жиһангердің басынан кешкендері туралы орыс досы сүйсіне әңгімелейді.

Жазушыға деген ризашылықтан көздері күлім қағып, әрбір оқиғаны өзгеше құлшыныспен, қызықтыра баяндайды. Хакім әңгімені тыңдай отырып ақыл-ойы ел ішін шарлап кетеді. Болыс пен билердің халықты алдап, арбап, бұған көнбегенге қылған зорлық-зомбылығы қабырғасына батып, еріксіз қабағы түйіледі.

«Кісіге біліміне қарай болыстық қыл, татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады» деп ойға батады ақын. Бірақ оқып, тоқыған деген кейбіреудің әділетті белден басқан озбырлығы білімнің үнемі адамдықтың өлшемі бола бермейтінін аңғартады. Ендеше билік тізгініне көрген, білгені көп, тегі жақсы, елжанды адамның ие болуының жөні бөлек.

Ал татымсыздың «ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді-ау! Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтарлықпыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол не қылып тыңдасын және тыңдайын десе де, қолы тие ме?..».

Өкінішке қарай, жаңағы «татымсыздың басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жа-

залы болып қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба... деген бейнетінің бәрі басында». Олай болса «қолдары қайдан тисін?!..». Одан бері не өзгерді?... Ой «тұтқынынан» ақынды Евгенийдің көтеріңкі әрі көңілді дауысы ажыратып алады.

Дон Кихот пен Санчо Пансаның бастан кешкен оқиғаларына Абайдың да жаны жадырайды. «Өздерің қараңдаршы, – дейді әңгімеші досы сәлпәл жымия отырып, – испан жазушысы кейіпкерлерінің күлкілі әрекеттерімен тұтас қоғамды келемеждеп отыр емес пе? Зеріккен Герцог пен оның әйелінің Санчоны губернаторсың деп сендіргеніне жол болсын!».

Алайда байлық пен биліктен азғындаған «ақсүйектер» өздері ойлап тапқан «ойындарының» салдарынан қалай масқара болғандарын да аңғармай қалады. Есек мінген губернатор Санчо халыққа «сендер мені әдеттегідей жылап емес, күліп қарсы алдыңдар» деп, ащы шындықты жария мысқылдап, жиналғандарды күлкіге қарқ қылады.

«Жоғары мәртебелімен» кездесуге келгендер, оның «Губернатордың есекке мінгені күлкілі екен, ал есек губерна-торға мінсе, күлуге шамаларың болмас еді» деген сөзінен тағы да қыран-топан күлкіге батады. Ол мұнымен де тоқтамай, биліктің «бетпердесін» одан әрі сыпырады. Хакімнің өзі де «әлсіздің сөзін салғыртсып, қырындап шала ұғатындарды» көріп жүр.

Сондықтан ондайларды «атқа мінсем, ол – биік, арыздарыңды естімей қалуым мүмкін, сондықтан есекке міндім» дейтін Санчоға қосыла «мақтамен бауыздайды». Ақын «бақпен асқан патшадан / Мимен асқан қара артық...» – деп ой желісін тартады. Бірнеше ғасыр бұрынғы «Дон Кихот» хикаясындағы халықты «еститін» билік туралы сөз әлі де өзекті.

«Өзің қарашы, билікқұмарлар марқұмның мүрдесін таптап жүре беруден де тайыпбайды, – деп қамығады жиһангер. – Тойымсыздар тиын үшін өлтіреді, арызқойлар жақындарын жыланша шағады. Мен жылаған жұртқа көмектесіп, ешкімге зиянымды тигізгім келмейді». Өз тарапынан, тіпті Санчо да малшы мен жалақор әйелдің дауына дұрыс ұйғарым жасап, көпшілікті риза етеді.

Дон Кихоттың «Санчо, біз талмай күресіп, алтын ғасырға жетеміз, әділдік арамдықты жеңеді, бұдан бір адым кері шегінуге болмайды» деген сөзіне Абай да қосылады. Ол адамдық, шындық пен әділет мәселелерінің мәңгілік көкейтесті екенімен үнсіз келісіп, көкірегінің түбіндегі ойларына сәуле түскендей серпіледі. Ал біз ше, Дон Кихотты енді қанша күтеді екенбіз?!

Болат ЖҮНІСБЕКОВ,
жазушы

P.S: *Әңгімеміздің басында айтқанымыздай, классикалық шығармалар жөніндегі сөзімізге қайта оралайық. Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік музыкалық драма театрында «Дон Кихот» трагикомедиясын тамашаладық. Осы орайда айтарымыз, әсілі классикалық дүниелерді бүгінгі заман «жаңғырығымен» үндестіремін деп, жаңаша «кейіптеуге» тырысу, біздіңше, ағамтық. Себебі классиканың артықшылығы да сонда, оларда көтерілетін адалдық пен арамдық, әділет пен әбілет – адам баласы үшін мәңгілік мәселелер және сонысымен де құнды. Демек, классиканы заманауи көрсетіміз деп, өзгерістер енгізу – әрқашан жаңа, яки ешқашан «ескірмейтін» дүниеге «жамау» жапсырғандай әбестік. Бұл, әлбетте, қазақ сахнасында заманауи дейтін көзқараспен қойылып жүрген барлық классикалық асыл мұраға қатысты.*

Сырттан тамақ ішу дегенде тек фаст-фуд немесе көше тағамдары ғана емес, түрлі мейрамхана, дәмхана, асхана, кофехана мен онлайн-жеткізу қызметі арқылы алынатын дайын тағамдардың барлығы осы санатқа кіреді. Мұндай тағам түрлері адамға уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді, көп жағдайда дәмді әрі тартымды көрінеді. Бірақ ол дәмнің астарында не жатқанын, сол тағамның қалай және қандай жағдайда дайындалғанын, оның құрамында не барын тұтынушы көбіне біле бермейді. Санитарлық ережелердің сақталмауы, өнімдер мерзімінің өтіп кетуі, қызметкерлердің гигиена нормаларын елемейі адамның улану қаупін арттырады. Тіпті кей жағдайларда жұқпалы аурулар, мысалы гепатит, дизентерия және ішек инфекциялары дәл осы дұрыс өңделмеген немесе сақталмаған сыртқы тағамдардан таралып жатады. Статистика деректеріне сүйенсек, жыл сайын Қазақстанда жалпы улану оқиғалары 7-8 пайызды құрайды. Бұл қоғамдық денсаулық үшін қауіптің барын білдіреді.

Астана қаласының бас санитары Айгүл Шағалтаева бұл ретте тұрғындарды сырттан тағам сатып аларда мұқият болуға шақырады. Оның айтуынша, аспаздық өнімдердің жарамдылық мерзімі өте қысқа, көбіне 12-24 сағаттан аспайды. Сондықтан қаптамада дайындалған күнімен қатар нақты уақыты да көрсетілуі керек. Уақыты белгісіз немесе мерзімі өтіп кеткен өнімдерді тұтыну денсаулыққа қауіпті. Санитар маман тағамның сыртқы түріне де назар аудару керектігін ескертеді.

«Қараю, көгеру, жағымсыз иіс, зең секілді белгілер болса, ондай өнімнен бас тартқан жөн. Сондай-ақ тоңазытқыш, жұмыс орны, сатушының киімі – барлығы санитарлық талаптарға сай болуы тиіс. Қапталмаған тағамды қолғаппен және арнайы ораммен сату міндетті. Дайын тағам шикі өнімнен бөлек сақталуы керек. Ал үйде дайындалған тағамдарды дүкендер мен қоғамдық орындарда сатуға рұқсат етілмейді. Барлық өнімнің сапасын растайтын құжаты болуы шарт» дейді маман.

СЕБЕП – ДҰРЫС ТАМАҚТАНБАУ

Сырттан тамақтанудың ең басты қаупі – денсаулыққа тікелей әсер етуі. Соңғы жылдары дәрігерлер

СЫРТТАН ІШКЕН АС СІҢІМДІ БОЛА МА?

Қазіргі заманда тамақтану мәдениеті айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Бұрындары әр отбасы, әр адам күнделікті асын үйден дайындап ішсе, бүгінде бұл нәрсе баяулап, сырттан дайын ас ішу кеңінен етек алды. Әсіресе қалалық жерде тұратын адамдар үшін күнделікті сырттан тамақтану қалыпты жағдайға айналды. Алайда бұл ыңғайлы әрі уақытты үнемдейтін әдеттің арғы жағында денсаулыққа, қаржы тұрақтылығына және өмір сапасына төнетін бірқатар қауіп-қатер барын халық аңғара бермейді.



мен диетологтарды семіздік, жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті, гипертония, асқазан-ішек аурулары секілді созылмалы сырқаттар алаңдатып отыр. Бұл аурулардың басты себептерінің бірі – дұрыс тамақтанбау. Сырттан алынатын тағамдардың басым бөлігі майлы, тұзы мен қанты көп, қуырылған, қайта өңделген және консерванттарға толы болып келеді.

«Мұндай тағам түрлері адам ағзасына ұзақ мерзімде теріс әсерін тигізуде. Ағза қажетті дәрумендер мен минералдарды жеткілікті мөлшерде ала алмай, оның орнына артық калория мен зиянды заттарды қабылдайды. Мұндай көрсеткіштер адам денесінің әлсіреуіне, иммунитеттің төмендеуіне және ағзадағы зат алмасу процесінің бұзылуына алып келеді» дейді гастроэнтеролог, медицина ғылымдарының докторы Ләйла Төшенова.

Маманның айтуынша, асқазан-ішек ауруларына себеп болатын бактериялар аз емес. Солардың бірі – хеликобактериоз. Бұл бактерия көбіне санитарлық талапқа

сай дайындалмаған тағамдар арқылы ағзаға түседі. Ауру асқазан қабынуына, жараға, тіпті онкология дертіне дейін алып келуі мүмкін. Көп жағдайда мейрамхана немесе асхананың ас үйінде не болып жатқанын, тағамның қалай сақталып, қандай температурада дайындалғанын көру мүмкін емес. Көптеген жағдайда дұрыс өңделмеген немесе сақталмаған сыртқы тағамдардан таралып жатады. Әсіресе көктем мен жаз мезгілдерінде көше бойындағы дайын тағам сатушыларынан сатып алынған астың құрамында бактериялар тез көбейіп, ол ас ішкен соң бірнеше сағат ішінде улануға әкелуі мүмкін.

ҚАЛТАҒА САЛМАҚ САЛАДЫ

Тек физикалық денсаулық емес, сырттан тамақтанудың қаржылай салдары да аз емес. Бір қарағанда, кафеде немесе дәмханада тамақ ішу аса қымбат көрінбейтін шығар. Алайда айлық немесе жылдық деңгейде есептегенде, бұл әдет айтарлықтай

тын тағамның құрамындағы белгісіз қоспалар. Көптеген тағамға дәмін, түсін немесе иісін күшейтетін арнайы химиялық заттар қосылады. Олардың қатарында мононатрий глутаматы, натрий нитриті, түрлі жасанды бояғыштар мен консерванттар бар. Мұндай қоспалар кейбір адамдардың ағзасында аллергия реакциясын тудырып, ұзақ мерзімде тұтынылған жағдайда жүйке жүйесінде теріс әсерін тигізуі мүмкін. Әсіресе балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына зияны орасан. Жас ағзаның мұндай қоспаларға төзімділігі төмен болғандықтан, болашақта бұл түрлі ауруға алып келуі ықтимал.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ

Психологиялық тұрғыдан да сырттан жиі тамақтану белгілі бір тәуелділікке айналуы мүмкін. Адам сыртқы тағамдарға үйреніп қалған сайын үй тағамына деген қызығушылығы азая түседі. Уақыт өте келе бұл әдет біртіндеп эмоционалды тамақтануға ауысуы мүмкін. Яғни адам аш болғандықтан емес, көңіл күйі түсіп кеткенде, шаршаған кезде, зеріктеуден немесе жалғыздықтан тамақ ішуге бейімделе бастайды. Мұндай психологиялық тамақтану артық салмақтың, мазасыздықтың және күйзелістің бір себебіне айналады. Бұл жағдай адамның өзін-өзі бақылау қабілетін де әлсіретеді.

Әрине, қазіргі қоғамда сырттан мүлде тамақтанбау мүмкін емес. Кейде жол үстінде, іссапарда немесе белгілі бір жынғаға барғанда сырттан ас ішуге мәжбүр боламыз. Бірақ оны күнделікті әдетке айналдырмау керек. Ара-тұра дәмханаға бару демалыс, сергіту, әлеуметтік қарым-қатынас үшін тиімді болар. Алайда тұрақты түрде сырттан тамақтанып үйреніп кеткен адамның ағзасы біртіндеп зиянды қоспаларға тәуелді болып, ұзақ мерзімде денсаулығына орасан нұқсан келтіруі мүмкін.

P.S: Сырттан тамақ ішу – қазіргі қоғамның қалыпты көрінісі болғанмен, ол өзінің көлеңкелі жағын да қоса алып жүретіні шындық. Бұл жағдайдан жалтарудың қажеті жоқ, керісінше, саналы түрде денсаулығымызға жауапкершілікпен қарауымыз керек. Уақыт үнемдеу мен ыңғайлылық үшін таңдалатын мұндай әдеттің ұзақ мерзімде қандай зиян әкелуі мүмкін екенін ескерген жөн. Тазалық пен денсаулықты бірінші орынға қою әр адамның саналы таңдауы болуы тиіс.

Нәсіпхан СӨКЕНҰЛЫ, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды қадам.

НАҚТЫ ШЕШІМДЕР КЕРЕК

Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру арқылы еңбек нарығындағы құрылымдық теңгерімсіздікті шешуге арналған. Алайда 2025 жылдың 5 наурыздағы Үкіметнен келіп түскен ресми жауапта біздің ұсыныстарымызға байланысты нақты шешімдер қабылданбаған. Мысалы, еңбек демалысына сауықтыру жәрдемақысын техникалық қызметкерлерге де қарастыру, өңірлер арасындағы теңсіздікті жою мақсатында әлеуметтік кепілдіктердің бірыңғай механизмін бекіту туралы ұсыныс ескерусіз қалды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бұл мақсатқа 28,7 млрд теңге қажет екенін есептесе де, нақты шешімдер қабылданбаған.

Үкіметтің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар азаматтық қызметшілерге қосымша үстемеақы белгілеуге құқылы. Алайда бұл жүйенің орталықтандырылмағаны себепті өңірлерде үлкен айырмашылықтар туындауда: кейбір облыстарда жалақы өссе, қаржы тапшылығына байланысты кейбір өңірлерде жағдай өзгеріссіз қалауда. Сонымен бірге хлор қолданатын жұмысшыларға өтемақы төлеу жөніндегі ұсынысымызға келіп түскен жауап мүлдем қисынсыз: «жұмыс берушіне жүгінсін» деп айтылған. Осыған орай, мынадай ұсыныстарым бар:

Бірінші. Техникалық қызметкерлердің жалақысын арттыруға арналған бірыңғай әдістеме әзірлеу қажет. Бұл әдістемеді еңбек өтілі, жүктеме көлемі, жұмыс күрделілігі мен өңірлік ерекшеліктер ескерілуі тиіс.

Екінші. Техникалық қызметкерлерді ағымдағы жөндеу жұмыстарына заңсыз тарту тоқтатылсын. Мұндай жағдайлар орын алса, еңбек шарттарындағы міндеттемелердің орындалуын бақылау тетігін күшейту қажет.

Үшінші. Хлор және басқа да зиянды заттармен жұмыс істейтін техникалық қызметкерлерге қосымша өтемақы қарастыру және олардың еңбек жағдайын жақсарту тетігін әзірлеу қажет.

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА, Мәжіліс депутаты

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары! «Столичная дезинфекция» ЖШС Астана қаласындағы ірі, таяз, уақытша су айдындары мен ашық станцияларда шыбын-шіркейлерді жою жұмыстарының 2-туры басталатыны туралы хабарлайды, тел.: +7-707-300-50-30.

ЖЫНЫСТЫҚ ТӘРБИЕ. АИТВ-НЫҢ АЛДЫН АЛУ

Баланың жыныстық сауаттылығы – олардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін өте маңызды мәселе. Балаға «үлкендердің» өмірін дұрыс түсіндіру, оларға жыныстық тәрбиенің негіздерін үйрету ата-ананың маңызды міндеттерінің бірі.

Жыныстық сауаттылық тек қана физиологиялық мәліметтерді емес, сонымен қатар моральдық құндылықтарды, денсаулықты сақтау мен қауіпсіздікті қамтиды. Жыныстық тәрбиенің маңызы зор, өйткені ол балалардың денсаулығын сақтауға, өзін-өзі қорғауға, өзіне деген сенімділікті арттыруға көмектеседі.

Жыныстық сауаттылықтың басты мақсаттары

- * Денсаулықты сақтау: балаларға жыныстық тәрбие беру арқылы олардың денсаулығын сақтау және жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу мүмкіндігін арттыру.
- * Қауіпсіздік: балаларға жыныстық тәрбие беру арқылы оларды зорлық-зомбылықтан қорғау және өз құқығын білуге үйрету.
- * Өзіне деген сенімділік: жыныстық сауаттылық баланың өзін-өзі құрметтеуге, өз денесі мен сезімдерін түсінуге көмектеседі.

Жыныстық тәрбиенің кезеңдері

ЮНИСЕФ-тің «Балаларға жыныстық білім беру бойынша халықаралық техникалық нұсқаулығы бойынша жыныстық тәрбиенің әр жас кезеңінде әртүрлі аспектісі бар. Балалардың жас ерекшелігіне қарай оларға берілетін мәліметтер де әртүрлі болуға тиіс:

- * Ерте жас (3-6 жас). Бұл кезеңде балалар өз денесін тануға, жыныс мүшелерінің атауларын білуге қызығушылық танытады. Осы кезеңде балаларға қарапайым және анық тілмен олардың денесі туралы айту қажет. Мысалы, «бұл – сенің денен, сен оны қорғауың керек» деген сияқты қарапайым сөздермен түсіндіру керек.
- * Мектеп жасына дейінгі кезең (6-9 жас). Бұл кезеңде балалар өз денесінің өзгерісін байқап, өз сұрағын қоя бастайды. Осы кезеңде балаларға дененің өзгерістері, жыныстық жетілу, жыныстық мүшелердің функциялары туралы қарапайым мәліметтер беру керек.

- * Жасөспірімдік кезең (9-12 жас). Бұл кезеңде балалардың денесі тез өзгеріп, гормондық өзгерістер пайда болады. Осы кезеңде балаларға жыныстық жетілу, менструация, поллюция, гормондар және олардың әсері туралы мәлімет беру керек. Сонымен қатар жыныстық қатынастар, олардың салдары, жыныстық жолмен берілетін аурулар туралы да айту маңызды.
- * Жасөспірімдік кезең (12-18 жас). Бұл кезеңде балалар жыныстық қатынастарға, махаббатқа, қарым-қатынасқа қызығушылық танытады. Осы кезеңде балаларға жыныстық қатынастардың эмоционалдық аспектілері, жыныстық жолмен берілетін аурулар, контрацепция, сексуалдық құқықтар мен жауапкершілік туралы толық мәлімет беру керек.

Балаға жыныстық тәрбиені қалай дұрыс беру керек?

- * Ашық және адал болу: балаларға жыныстық тәрбие беру кезінде

де ашық және адал болу маңызды. Балалардың сұрақтарына нақты және қарапайым тілмен жауап беру керек.

- * Жас ерекшеліктерін ескеру: балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мәліметтерді беру керек. Әр кезеңде балалардың түсінігін ескеру маңызды.
- * Қорқынышсыз және ұялу сезімінсіз айту: балалардың жыныстық тәрбие беру кезінде тәжірибелік мысалдар келтіруі тиімді. Мысалы, денсаулықты сақтау, қауіпсіздік шаралары туралы нақты мысалдармен түсіндіру.
- * Ата-ананың рөлі: Ата-аналардың рөлі жыныстық тәрбие беру кезінде өте маңызды. Олар балаларға жыныстық тәрбие беру кезінде негізгі бағыт-бағдар беруі керек. Ата-аналардың өздері де жыныстық сауаттылық туралы білімін толықтырып отыруы маңызды.

Ашық сөйлесу: балалармен жыныстық тәрбие туралы ашық сөйлеу керек. Олардың сұрақтарына адал және нақты жауап беру маңызды.

Үлгі болу: ата-аналар өздерінің мінез-құлқымен балаларға үлгі болуы керек. Өзара құрмет, махаббат, жауапкершілік туралы іс-әрекеттер арқылы көрсету маңызды.

Қолдау көрсету: балалардың сұрақтарына жауап беріп, оларды қолдау керек. Олардың сезімін құрметтеу және түсіну маңызды.

Білім беру ресурстарын пайдалану: ата-аналар балаларға жыныстық тәрбие беру кезінде кітаптар, бейнематериалдар, интернет-ресурстарын пайдалана алады. Бұл балалардың жыныстық сауаттылығын арттыруға көмектеседі.

Жыныстық сауаттылық – бұл балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін өте маңызды мәселе. Балаларға «үлкендердің» өмірін дұрыс түсіндіру, оларға жыныстық тәрбиенің негіздерін үйрету – ата-ананың маңызды міндеттерінің бірі. Жыныстық тәрбиенің әр жас кезеңінде әртүрлі аспектісі бар, сондықтан балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мәліметтер беру маңызды. Ата-аналардың ашық және адал болуы, моральдық құндылықтарды үйретуі, балаларды қолдауы жыныстық тәрбиенің тиімділігін арттырады. Жыныстық сауаттылық балалардың денсаулығын сақтауға, өзін-өзі қорғау-

ға және өзіне деген сенімділікті арттыруға көмектеседі.

Қаламызда 12-16 мамыр аралығында республикалық репродуктивті денсаулық апталығы өтті. Оның аясында біздің орталықтың мамандары жастар салауатты қаласының мектептерінде 8-11-сынып оқушыларына, колледж және университет студенттеріне арнайы «Жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулығы. Жыныстық тәрбие. АИТВ-инфекциясының алдын алу» тақырыбында 2 акция, 18 семинар-лекция өткізіп, түсіндіру жұмысын жасады. Іс-шара барысында танымдық бейнероликтер, арнайы ақпараттық-ағарту материалдары таратылды, 3000-ға жуық адам қамтылды. Орталығымызда қала тұрғындарына арнап ашық есік күні өтті, келушілер АИТВ-инфекциясына тексеріліп, дерматовенеролог, инфекционисттерден кеңес алды.

Орталықта АИТВ-инфекциясына тексерілу – тегін. Біз жайлы толық ақпаратты www.kazads.kz сайтынан көре аласыздар. Сенім телефонымыз: 38-04-64, 38-07-02.

Әлвыра УТЕЛОВА, Астана қаласы АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі



ҚЫЗДАР ҚАЙРАН ҚАЛДЫРДЫ

Бокстан Шри-Ланкада өтіп жатқан U22 Азия чемпионатында жастар санаты бойынша Жанкелді Ахметов баптайтын Қазақстанның қыздар құрамасы зор жетістікке қол жеткізді.

Финалға шыққан ұлттық құрамамыздың 12 өкілі де қарсыласын жеңіп, топ жарып, 12 алтын алды. Атап айтар болсақ, 48 келі салмақта – Айым Танкибаева, 50 келіде – Сила Биболсынқызы,

52 келіде – Рахмина Абдумежитова, 54 келіде – Жанель Имантаева, ал 57 келіде – Ақнұр Тұрсынғали, 60 келі салмақта – Толғанай Қасымхан, 63 келіде – Алина Құдайғенова, 66 келіде

– Ақбота Есімбекова, 70 келіде – Мария Сидоренко, 75 келіде – Зарина Толыбай, 81 келіде – Құралай Егінбайқызы, ал +81 келі салмақта Сабина Жақсылық жеңімпаз атанды.

ӘКЕМЕН СЫРЛАСУ КЕШІ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, жазушы, журналист Әкім Ысқақтың Ұлттық академиялық кітапханада «Әке – алтын сандық» атты шығармашылық кеші ұйымдастырылды.

Ұлттық академиялық кітапхана мен республикалық «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігі бірлесе өткізген кештің модераторы – республикалық «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары әрі Астана қаласы филиалының төрағасы Бекдайыр Нығметұлы.

Іс-шара аясында жазушының «Әкемен сырласу» және «Жақыныңды жоғалтпашы» атты жаңа кітаптарының тұсаукесері өтті. Кешке ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, зиялы қауым өкілдері, аталған қоғамдық бірлестік мүшелері, мектеп мұғалімдері, кітапханашылар мен оқырмандар қатысты. Негізгі мақсат – әке тұлғасының бала тәрбиесіндегі, отбасы құндылығын сақтаудағы және салауатты қоғам қалыптастырудағы маңызын насихаттау, сондай-ақ қазақ қоғамындағы әке рөлін ұлықтау.

Қатысушылар Әкім Ысқақтың шығармашылығы мен ел алдындағы еңбегінің маңызына кеңінен тоқталды. Олар қаламгердің ел тарихында алар орны ерекше екенін атап өтті. Әсіресе оның «Халықтың көші-қоны туралы» заңын қазақ тілінде алғаш жазып, бұл бастаманың нәтижесінде шет елдердегі 2 миллионға жуық қандастың атамекеніне оралуына жол ашқаны ерекше аталды. Тарихи бастаманың еліміздің демографиялық және ұлттық саясатына қосқан үлесі зор екені айтылды. Сонымен қатар Әкім Ысқақтың шетелдегі қазақ балаларының тағдырына алаңдап, Америка, Англия, Түркия елдеріне барып, көзімен көріп, жүрегімен сезінген тұңғыш депутат ретінде ел есінде қалғаны да ерекше аталып өтті. Ол туралы жазған әсерлі эсселерінің тәрбиелік, азаматтық, гуманистік құндылығы жоғары екені ескерілді. «Алтыным», «Адам

– өмір дәптері», «Жүректегі жазулар», «Әкеге хат» сынды кітаптарының ұлттық тәрбиеге, отбасы құндылығына, адамгершілік пен адалдық тақырыптарына арналуы да сөз болды. Бұл еңбектер – көркем туынды ғана емес, тәрбиелік мәні зор рухани мұра. Сондай-ақ тұсауы кесілген «Әкемен сырласу» кітабында жазушының балалық шағы мен әкесіне деген құрмет, сағыныш арқылы қазіргі әке тұлғасын терең ашып көрсете білгені айтылса, «Жақыныңды жоғалтпашы» атты өлеңдер жинағы арқылы жақынға деген құрмет, ата-анаға махаббат, достық пен адалдық секілді асыл қасиеттер көркем түрде жеткізілген.

Іс-шара соңында қатысушылар жазушы шығармаларының жастар тәрбиесіне, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге қосып жатқан өлшеусіз үлесін ерекше ризашылықпен атап өтті.



ЕРТЕГІГЕ ЕЛТИ МЕ ҰРПАҚ?

Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада «Әжемнің ертегілері» клубының ұйымдастыруымен ерекше форматтағы шығармашылық іс-шара – «Ертегі – әдеби мұра» атты ертегітерапия сағаты өтті.

Ертегітерепия сағатын «Ертегітерапия» жобасының авторы, ақын, филология ғылымдарының кандидаты Маржан Ершу өткізді. Іс-шараға кітапхана оқырмандары, ата-аналар және олардың балалары қатысты. Жиналған қауым, әсіресе балалар, ертегі әлеміне сапар шегіп, әсерлі әрі тәрбиелік мәні зор жиынға белсене қатысты.

Бағдарлама барысында, ең алдымен, экран арқылы ертегілердің сахналық қойылымы көрсетілді. Балалар ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін көріп, қызығушылықпен тамашалады. Осы көріністер арқылы олардың қиялы оянып, ішкі сезімімен жұмыс істей бастады. Кейін балалар сол ертегіде көрген кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын қайталап, өзара диалог құрып, рөлдік ойындар арқылы ертегі мазмұнын жандандырып жеткізді.

Жоба авторы Маржан Ершу балаларға ертегілердің терең мағынасын, олардың тәрбиелік және рухани құндылығын түсіндірді. Ол әр баланы ертегі кейіпкерінің рөліне енгізіп, сахналық қойылым арқылы жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен аярлықтың айырмашылығын көрсетті. Осылайша балаларды ізгі, мейірімді, шыншыл, жақсы азамат болуға үндеді. Ал қатысушылар бұл тәсіл балалардың бойындағы адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға үлкен ықпал ететінін айтып, ризашылығын білдірді.

Ертегітерапия – бұл халық ауыз әдебиетінің даналығы мен заманауи психология, педагогика, мәдениеттану және философия ғылымдарының тоғысында дамыған шығармашылық және тәрбиелік әдіс. Ол баланың

жан дүниесін байытып, оның рухани, эмоционалдық дамуына ықпал етеді. Ертегі арқылы бала өзінің ішкі сезімін танып, оны сөзбен жеткізуге үйренеді, сондай-ақ қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға машықтанады. Бұл әдіс баланың креативті ойлау қабілетін дамытып, оның эмоционалдық интеллектісін арттырады.

Іс-шара барысында қатысушылар ертегітерапияның қолдану әдіс-тәсілімен танысып, ертегілердің баланың тәрбиесіне және психологиялық саулығына әсері туралы көптеген тың мәлімет алды. Сонымен қатар ертегілердің тілдік, мәдени және рухани маңызы, олардың заманауи қоғамдағы орны мен қолдану аясы жайлы өзекті ойлар ортаға салынды.



«СОҢҒЫ АЯЛДАМА» – ЖАСТАР ТЕАТРЫНДА

Астана қаласы әкімдігінің Жастар театрында «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайту аясында жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Соңғы аялдама» әлеуметтік трагедиясының премьерасы өтті.

Қойылымда бүгінгі қоғамды алаңдатқан өзекті мәселе – есірткіге тәуелділік тақырыбы қозғалады. Әлеуметтік трагедияда көрерменге есірткі зұлматының адамзат баласына төндіретін қауіп-қатері, оның жеке тағдырларға әкелер қайғы-қасіреті көрсетілген. Спектакльдің қоюшы режиссері Нұрфат Вахитовтың айтуынша, «Соңғы аялдама» – өскелең ұрпақтың бойында әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға, адами құндылықтарды дәріптеуге және нашақорлықтың алдын алуға бағытталған қойылым.

Полиция департаментінен нашақорлықпен күрес туралы қойылым жасай аласыздар ма деген ұсыныс түсті. Олар бізге нашақорлармен болған оқиғаларын айтып берді. Рахымжан Отарбаевтың новелласын жаңартып, тілін заманауи етіп, сахнаға шығардық. 2 айдан астам уақыт дайындалдық. Қойылымда былтыр ғана университет қабыр-

ғасынан ұшып келген жастар ойнайды. Шынайылықтан да алшақтамай, сахна мәдениетін де сақтап, қойылым қоюға тырыстық. Тым жасанды болып кетсе, көрермен сенбейді. Ал нашақорлар көбіне анайы сөйлейді, осының барлығын таразылап ұсыну оңайға соқпады. Біз театрда көбіне драма, комедия сияқты жанрларды қоямыз. Әлеуметтік мәселені сахнаға алып шығудың қиын тұсы көп, бірақ берері мол, – дейді Нұрфат Вахитов.

Осы қойылымда мен нашақордың рөлін сомдаймын. Жақсылық есімді жігіттің бейнесі арқылы қоғамдағы өте өткір, ащы шындық – нашақорлық мәселесін сахнаға шығаруға тырыстық. Бұл кейіпкер – өмірде өз орнын таппай, қиындыққа тап болған соң, есірткіге бой алдырған жастардың жиынтық бейнесі. Режиссер мені осы рөлге бекіткен кезде, бұл образды тек жай ойнап қана қоймай,

кейіпкерімнің ішкі әлемін терең түсінуге, жан жарасын сезінуге тырыстым, жүріп өткен жолын, оның ішкі күресін, жан азабын көрсету үшін көп іздендім. Нашақорлыққа түскен адам қандай күйде болады, ол қандай ойлармен арпалысады, қоғам оған қалай қарайды – осының бәрін зерттедім, сол арқылы рөлімді барынша шынайы алып шығуға күш салдым. Қойылымымыз жай ғана көркем дүние емес, бұл – өмірден алынған, көзі тірі оқиғалардың көрінісі. Мақсатымыз – жастарды есірткіден сақтандыру, олардың санасына нашақорлықтың тек уақытша «тыныштық» емес, өмірлік тұңғыық екенін жеткізу. Қойылым соңында Жақсылықтың басынан кешкен ауыр тағдыры арқылы көрерменді ойға қалдырып, дұрыс таңдау жасауға итермелегіміз келеді. Бұл тек өнер емес, бұл – ескерту, бұл – үндеу, – дейді басты рөлді сомдаған жас актер Әлихан Жасанұлы.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасы бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 60

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ